

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2022-3-3-51-66>

## Трансшекаралық су ресурстарын реттеу саласындағы құқықтың қайнар көздері

**Айгерим Ж. Жунусбекова**

PhD, оқытушы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

e-mail: aigerim112@mail.ru

ORCID: 0000-0002-7889-9197

JEL-code: K33 International law

**Аңдатпа:** Мақалада трансшекаралық су ресурстарын халықаралық-құқықтық реттеудің қайнар көздері болып табылатын халықаралық шарт, халықаралық әдет-ғұрып және халықаралық ұйымдардың (оның ішінде сот мекемелері) қаулылары және үкіметтік емес ұйымдардың шешімдері талданған. Бірінші кезекте, бұл осы саладағы екі әмбебап көпжақты шарттар: 1997 жылғы БҰҰ-ның Халықаралық су ағындарын кеме қатынасына емес пайдалану құқығы туралы Конвенциясы және 1992 ж. БҰҰ ЕЭК Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы Конвенциясы, сондай-ақ аймақтық, жергілікті және екіжақты халықаралық шарттар жүйесі.

Рамолық сипатына қарамастан, трансшекаралық су ресурстарын халықаралық-құқықтық реттеудің қайнар көздері ретінде әмбебап шарттардың рөлі маңызды, өйткені олардың негізінде мемлекеттер нақты трансшекаралық су ағынына қатысты халықаралық шарттарды жасайды.

1992 жылғы Хельсинки конвенциясынан басқа, БҰҰ ЕЭК шегінде трансшекаралық суларды қорғау мен сақтау үшін тікелей маңызы бар тағы үш табиғатты қорғау конвенциялары әзірленді, олар трансшекаралық су ресурстарын халықаралық-құқықтық реттеудің қайнар көздері ретінде осы саладағы ынтымақтастық үшін рамолық халықаралық-құқықтық негізді құрайды.

**Түйін сөздер:** халықаралық шарт, ынтымақтастық, су ағыны, трансшекаралық өзен, конвенция, хаттама, Халықаралық сот

## Источники права в сфере регулирования трансграничных водных ресурсов

**Айгерим Ж. Жунусбекова**

PhD, преподаватель

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

e-mail: aigerim112@mail.ru

ORCID: 0000-0002-7889-9197

JEL-code: K33 International law

**Аннотация:** В статье проанализированы источники международно-правового регулирования трансграничных водных ресурсов, которыми являются международный договор, международный обычай и резолюции международных организаций (включая судебные учреждения) и решения неправительственных организаций. В первую очередь, это два универсальных многосторонних договора в этой области: Конвенция ООН о праве несудоходных видов использования международных водотоков 1997 г. и Конвенция ЕЭК ООН по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер 1992 г., а также система региональных, локальных и двусторонних международных договоров.

Несмотря на рамочный характер, немаловажна роль универсальных договоров, как источников международно-правового регулирования трансграничных водных ресурсов, так как, на их основании государства заключают международные договоры в отношении конкретного трансграничного водотока.

Помимо Хельсинской конвенции 1992 г. в рамках ЕЭК ООН разработаны еще три природоохранные конвенции, имеющих непосредственное значение для защиты и сохранения трансграничных вод, которые как источники международно-правового регулирования трансграничных водных ресурсов, создают рамочную международно-правовую основу для сотрудничества в этой области.

**Ключевые слова:** международный договор, сотрудничество, водоток, трансграничная река, конвенция, протокол, Международный суд

### **Sources of law in the field of regulation of transboundary water resources**

**Aigerim Zh. Zhunusbekova**

PhD, lecturer

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

e-mail: aigerim112@mail.ru

ORCID: 0000-0002-7889-9197

JEL-code: K33 International law

**Abstract:** The article analyzes the sources of international legal regulation of transboundary water resources, which are an international treaty, international custom and resolutions of international organizations (including judicial institutions) and decisions of non-governmental organizations. First of all, these are two universal multilateral treaties in this area: the 1997 UN Convention on the Law of the Non-Navigational Uses of International Watercourses and the 1992 UNECE Convention on the Protection and Use of Transboundary Watercourses and International Lakes, as well as a system of regional, local and bilateral international treaties.

Despite the framework nature, the role of universal treaties is important as sources of international legal regulation of transboundary water resources, since, on their basis, states conclude international treaties in relation to a specific transboundary watercourse.

In addition to the 1992 Helsinki Convention, the UNECE has developed three more environmental conventions that are of direct importance for the protection and conservation of transboundary waters, which, as sources of international legal regulation of transboundary water resources, create a framework international legal basis for cooperation in this area.

**Key words:** international treaty, cooperation, watercourse, transboundary river, convention, protocol, International Court

### **Кіріспе**

Халықаралық су құқығы – халықаралық құқық субъектілерінің трансшекаралық су ағындарын кеме қатынасына емес пайдалану және олардың су ресурстарын ластанудан қорғау жөніндегі қатынастарын реттейтін халықаралық құқықтық нормалардың жиынтығы.

Трансшекаралық су ресурстарын халықаралық-құқықтық реттеудің қайнар көздері болып халықаралық шарт, халықаралық әдет-ғұрып және халықаралық ұйымдардың (оның ішінде сот мекемелері) қаулылары және үкіметтік емес ұйымдардың шешімдері табылады. Бірінші кезекте, бұл осы саладағы екі әмбебап көпжақты шарттар: 1997 жылғы БҰҰ-ның Конвенциясы және 1992 ж. БҰҰ ЕЭК Конвенциясы, сондай-ақ аймақтық, жергілікті және екіжақты халықаралық шарттар жүйесі.

Қарастырылған халықаралық шарттарда халықаралық құқықтың кейбір негізгі қағидалары (ынтымақтасу және халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу) және арнайы қағидалар (трансшекаралық су ағындарын әділ және орынды пайдалану; су ағыны мемлекеттеріне елеулі зиян келтірмеу және «ластаушы төлейді») бекітілген.

Жалпы халықаралық конвенциялар деп барлық мемлекеттер қатысатын немесе қатыса алатын шарттар түсініледі. Бұл конвенцияларда бүкіл халықаралық қауымдастық үшін міндетті нормалар, яғни жалпы халықаралық құқық нормалары қамтылады. Арнайы келісімдерге қатысушылары шектеулі санды келісімдер жатады, олар үшін осы келісімдердің ережелері міндетті болып табылады. Халықаралық тәжірибеде мұндай шарттар халықаралық құқықтың екі субъектісі қатысатын екі жақты немесе үш немесе одан да көп, бірақ шектеулі субъектілер қатысатын аймақтық шарттар.

XIX ғасырдың басынан бері трансшекаралық су ағындарын кеме қатынасына емес пайдалану доктриналарына, халықаралық актілерге және халықаралық шарттарға талдау жасау құқықтық реттеу объектісінің кеңеюін айғақтайды. Экономикадағы серпінді өзгерістердің әсерінен және трансшекаралық су ағындарын шаруашылық пайдаланудың маңыздылығының айтарлықтай артуы әсерінен: негізгі мақсаты өзен жүйесі бойынша кемелердің

еркін өтуіне кепілдік беру болатын кеме жүзетін пайдаланудан, су «жоғары» және «төменгі» ағыны мемлекеттерінің мүдделерінің әділ тепе-теңдігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ жағымсыз экологиялық зардаптардың туындауына қарсы кепілдіктерге бағытталған кеме қатынасына емес пайдалануға даму процесі байқалады. 1966 жылғы Халықаралық өзендерді пайдалану ережелерінде көрініс тапқан халықаралық су жинау бассейні тұжырымдамасы 1992 жылғы БҰҰ ЕЭК Траншекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенциясында халықаралық құқықтық бекітілді.

Траншекаралық су ағындарын кеме қатынасына емес пайдалануға қатысты халықаралық су құқығының қағидаларын кодификациялау процесіне халықаралық үкіметтік емес ұйымдар, атап айтқанда, Халықаралық құқық ассоциациясы және Халықаралық құқық институты, сондай-ақ БҰҰ-ның Халықаралық құқық комиссиясы елеулі үлес қосты. Халықаралық су құқығының қағидалары 1997 жылғы Конвенцияда одан әрі дамыды және нақтыланды, ол трансшекаралық су ағындарын тікелей кеме қатынасына емес пайдалану түріндегі реттеу объектісі бар бірінші көпжақты халықаралық шарт болып табылады.

Жалпы реттеу қайнар көздерінің дамуы трансшекаралық су ресурстары құқығын одан әрі үдемелі дамытудың кепілі болып табылады.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақаланы жазу барысында 1966 ж. Халықаралық өзендер суларын қолданудың Хельсинки ережелері, 1997 ж. БҰҰ-ның Халықаралық су ағындарын кеме қатынасына емес пайдалану құқығы туралы Конвенциясы және 1992 ж. БҰҰ ЕЭК Траншекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы Конвенциясы, БҰҰ ЕЭК шегінде трансшекаралық суларды қорғау мен сақтау үшін тікелей маңызы бар тағы үш табиғатты қорғау конвенциялары, сондай-ақ аймақтық, жергілікті және екіжақты халықаралық шарттар жүйесі пайдаланылды.

Мақалада қазіргі кездегі халықаралық құқықтық ғылымда қолданылатын жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістері қолданылды. Жалпы ғылыми зерттеу әдістері диалектикалық әдіс, сондай-ақ жүйелік әдіс пен тарихи және теориялық талдаудың әдістері қолданылды. Арнайы әдістердің ішінен салыстырмалы құқықтық, формальді құқықтық әдістерін атап өтуге болады. Халықаралық шарттарды, халықаралық ұйымдардың трансшекаралық су ресурстарын пайдалану туралы актілерін талдау кезінде салыстырмалы құқықтық әдіс қолданылды.

### **Талқылаулар**

Траншекаралық су ресурстарын реттеу саласындағы құқықтың қайнар көздері жеткілікті тармақталған жүйені құрайды және оларды үш санатқа бөлуге болады: халықаралық шарт, халықаралық әдет-ғұрып және халықаралық

ұйымдардың қаулылары (сот мекемелерін қоса алғанда), үкіметтік емес ұйымдардың шешімдері.

Траншекаралық өзендердің кеме қатынасына емес пайдаланылу мәселелерін реттейтін әдеттегі және келісімшарттық құқықтың дамуы неғұрлым кеш кезеңнен басталады. Осындай шарттардың ішіндегі маңыздысы 1966 жылы Халықаралық құқық ассоциациясымен қабылданған Хельсинки ережелерінің жобасы жатқызылады, онда суды тең пайдалану құқығы, мемлекеттердің жоспарланған жұмыстар туралы алдын ала хабарлау міндеттілігі, кеме жүзу еркіндігі принципі, ластанудың алдын алу шаралары, дауларды бейбіт жолмен шешу туралы ережелер тұжырымдалған. Мұнда өзен бассейндерінің гидрологиялық бірлігі, суды кешенді және ұтымды пайдалану принципі бекітілген, Хельсинки ережелерінің міндетті заңды күші болмаса да, бұл құжаттың маңызы зор. [1]

Осы саланы құқықтық реттеудің ерекшеліктерін ескере отырып, трансшекаралық су ресурстары құқығы қайнар көздері жүйесін жалпы реттеу (рамолық келісімдер) және егжей-тегжейлі реттеу (екіжақты және көпжақты аймақтық келісімдер) қайнар көздеріне бөлуге болады. Траншекаралық су ресурстары құқығының одан әрі үдемелі дамуының кепілі жалпы реттеу қайнар көздерінің дамуы болды: мемлекеттердің осы саладағы ынтымақтастығының жалпы ережелері мен қағидаларын анықтайтын рамолық конвенциялардың құрылуы болды.

Траншекаралық су ресурстары құқығын кодификациялау мен үдемелі дамытудағы үлкен рөл БҰҰ ЕЭК-на тиесілі, оның шеңберінде трансшекаралық суларды қорғау мен сақтау үшін тікелей маңызы бар төрт конвенция әзірленді: 1992 ж. Траншекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция, 1991 ж. Траншекаралық контексттегі қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы конвенция (бұдан әрі – Эспо конвенциясы), 1992 ж. Өндірістік апаттардың трансшекаралық әсері туралы конвенция, 1998 ж. Ақпаратқа қол жетімділік, шешімдер қабылдау процесіне қоғамның қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша әділ сотқа қол жетімділік туралы конвенция (бұдан әрі – Орхус конвенциясы).

Бастапқыда аймақтық ретінде жасалған бұл халықаралық шарттар қазіргі кезде БҰҰ ЕЭК-на мүше емес мемлекеттердің қосылуына ашық, бұл мәселенің ғаламдық қамтылуының өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Қарастырылып отырған конвенциялар рамолық сипатта бола отырып, қатысушы мемлекеттер үшін жалпы қағидаларды, міндеттемелерді және минималды стандарттарды белгілейді, олар кейін нақты трансшекаралық су ағындарына қатысты қосымша хаттамалар немесе келісімдер жасау арқылы нақтылауды қажет етеді.

Осы саладағы ынтымақтастықтың жалпы ережелері мен қағидаларын анықтайтын БҰҰ ЕЭК шеңберіндегі конвенциялардың біріншісі Траншекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және

пайдалану туралы конвенция болды. Конвенцияға 1992 жылы Хельсинкиде қол қойылып, ол 1996 жылы 6 қазанда күшіне енді.

Конвенцияның негізгі мақсаттары трансшекаралық суларды пайдалану мен басқарудың экологиялық аспектілері болып табылады: ластанудың алдын алу, шектеу және азайту арқылы трансшекаралық суларды қорғау; трансшекаралық суларды экологиялық негізді және ұтымды басқару; трансшекаралық суларды орынды және әділ пайдалану; экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру. [2]

Конвенция екі бөлікке бөлінгендігі және сәйкесінше екі санаттағы міндеттемелері бар екендігі назар аудартады: жалпы сипаттағы – барлық мүше мемлекеттер үшін; екіншісі – тікелей «жағадағы елдер үшін», яғни ортақ трансшекаралық суларды иеленуші мемлекеттер. Негізгі бөлігі негізінен трансшекаралық су ресурстарының айналасындағы бар және ықтимал тәуекелдерді азайту үшін негізгі шектерді атап көрсетуге көңіл бөледі. Мысалы, тараптардың «су ресурстарын экологиялық негізделген және ұтымды басқару мақсатында трансшекаралық суларды пайдалануды қамтамасыз ету», сондай-ақ экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру бойынша міндеті. Мұнда «ластаушы төлейді» қағидасы ескеріледі, оның мәні қоршаған ортаға зиян келтірген тарап осыған байланысты материалды жауапкершілікті өз мойнына алуы керек.

БҰҰ ЕЭК шегіндегі тағы бір табиғатты қорғау құжаты – 1992 жылы Хельсинкиде қол қойылған Өндірістік апаттардың трансшекаралық әсері туралы конвенция. Конвенцияның мақсаты – трансшекаралық сипаттағы өндірістік апаттардың алдын алу және азайту, оларға дайындықты қамтамасыз ету, олардың әсерін жеңілдету, салдарын жою, сондай-ақ адамдар мен қоршаған ортаны осы апаттардан қорғау бойынша халықаралық ынтымақтастыққа қолдау көрсету. [3]

Трансшекаралық суларды қорғау саласындағы БҰҰ ЕЭК шегіндегі тағы бір халықаралық шарт – 1991 жылы 25 ақпанда жасалып, 1997 жылы 10 қыркүйекте күшіне енген Эспо конвенциясы.

Эспо конвенциясы Тараптардың қоршаған ортаға әсерді бағалауға қатысты жоспарлаудың бастапқы кезеңдеріндегі міндеттемелерін, мемлекеттердің жоспарланып отырған қызметі туралы мәлімдеу және жоспарланған қызметтен ықтимал трансшекаралық әсерге қатысты бір бірімен кеңес берулер жүргізудің жалпы міндеттемелерін белгілейді. Мұндай қызмет түрлеріне ірі бөгеттер мен су қоймаларын салу, су ресурстары үшін қауіпті болуы мүмкін барлық өндірістер кіреді. [4]

2003 жылы Эспо конвенциясы Стратегиялық экологиялық бағалау туралы хаттамамен толықтырылды. Хаттама 2010 жылдың 11 шілдесінде күшіне енді. Эспо конвенциясынан айырмашылығы, Хаттаманың тараптары экологиялық салдарды бағалауды нақты жоспарланған жобаларға емес, жоспарлар мен бағдарламаларға жүргізуге міндетті. Хаттаманың жүзеге асырылуы міндетті сипатқа ие емес. Хаттама тұрақты дамудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады, себебі ол бойынша шешімдер Эспо конвенциясы бойынша

қоршаған ортаға әсерді бағалауға қарағанда әлдеқайда ертерек қабылданады. [5]

БҰҰ ЕЭК-ның тағы бір конвенциясы – Орхус конвенциясы 1998 жылы 25 маусымда қабылданды, 2001 жылы 30 қазанда күшіне енді. Конвенцияның қатысушылары 46 мемлекет болып табылады. [6] Конвенция Тараптардың қоғам алдындағы міндеттемелері, атап айтқанда қоғамның экологиялық ақпаратқа қол жетімділігін, шешімдер қабылдауға қатысу және әділ сотқа қол жетімділікті қамтамасыз ететін алғашқы халықаралық келісім болды. Осы Конвенция шегінде, 2003 жылғы 21 мамырда Киевте Шығарындыларды тіркеу және ластаушыларды тасымалдау туралы хаттама қабылданды. [129] Хаттама қатысушы мемлекеттерді бір жағынан қоршаған ортаның ластануының алдын алуға және азайтуға ықпал етуі тиіс, екінші жағынан, халықтың ақпаратқа қол жетімділігін арттыруға ықпал ететін Шығарындылар және ластаушыларды тасымалдаудың ұлттық тізілімдерін құруға міндеттейді.

Су ресурстарын реттеу саласындағы халықаралық құқықтың негізгі қайнар көздері бойынша тағы бір халықаралық келісімді – БҰҰ Бас Ассамблеясымен 1997 жылы 21 мамырда қабылданған Халықаралық су ағындарын кеме қатынасына емес пайдалану құқығы туралы конвенцияны қарастыру қажет. [7] Ол халықаралық су ағындарын кеме қатынасына емес пайдалану саласындағы халықаралық құқықтың кодификациясы мен үдемелі дамуы туралы БҰҰ Халықаралық құқық комиссиясының 30 жылға жуық жұмысының нәтижесі болды.

Бірқатар ғалымдар мен мамандардың пікірінше 1997 жылғы Конвенция кодификация актісі ретінде бұрын әдеттегі құқық, жұмсақ құқық актілері, прецеденттік құқық және халықаралық құқықтың кейбір жалпы қағидалары түрінде жұмыс істеген су ағындарын қорғау мен пайдаланудың әртүрлі нормаларын жалпылайды.

Конвенция негізіне 1966 жылы Халықаралық Құқық Ассоциациясымен қабылданған Халықаралық өзендердің суларын пайдалану туралы Хельсинки ережелері алынған. [1] Бірақ олар тек мемлекеттердің шекараларын кесіп өтетін өзендерге, олардың бассейндеріне және олармен байланысты жер асты суларына қатысты болғандықтан, 2004 жылы Хельсинки ережелері Су ресурстары бойынша Берлин ережелерімен алмастырылды. [8] Берлин ережелері – Ассоциацияның халықаралық та, сондай-ақ ішкі мемлекеттік те тұщы суларын пайдалану және қорғау, сонымен қатар климаттың өзгеруінің әсері мәселелері бойынша ұсынымдық құжаты саналды.

Конвенцияны дайындауда БҰҰ-ның ЕЭК халықаралық су ағындары бойынша ұсынымдық актілері де белгілі рөл атқарды. Рамолық келісім бола тура 1997 жылғы Конвенция нақты су ағындарына қатысты жете келісімдерді әзірлеудің әмбебап моделінің ролін атқаруға арналған. Ол су мәселелері бойынша мемлекетаралық ынтымақтастықты дамытудың қағидалары мен ережелерін анықтайды.

Осы Конвенция әлемнің кез-келген елінің қатысуы үшін ашық «рамолық» шарт бола отырып, жеке бөліктері олардың аумағында орналасқан халықаралық су ағынын пайдалану кезіндегі мемлекеттердің өзара құқықтары мен міндеттерін бекітеді.

Конвенция кез-келген кеме қатынасына емес мақсаттарда пайдаланылатын халықаралық су ағындарына қолданылады: гидроэнергетика, өнеркәсіптік, тұрмыстық, балық аулау және т.б. Өз кезегінде, «су ағыны мемлекеті» ұғымы халықаралық су ағындарының бөліктері орналасқан елдер аумағын ғана емес, сонымен қатар халықаралық су ағындарының бөліктері орналасқан бір немесе бірнеше мүше мемлекеттердің аумағындағы экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдарын да қамтиды.

1997 жылғы Конвенцияның маңыздылығына қарамастан, оның күшіне ену процесі 17 жылға созылды. Осыған байланысты, бұл оның практикалық құндылығы, ондағы ережелердің жетілмегендігі туралы қайшылықтардың дәлелі бола ма деген сұрақ туындаттырады.

Бұл мәселеге қатысты ғалымдар мен мамандардың әртүрлі көзқарастары бар.

М.А. Рязанованың айтуынша 1997 жылғы Конвенцияны ратификациялаудың қиындығы жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін жоспарланған шаралар туралы мәлімдеу тұрақты міндеттеме болып табылады, мысалы, қымбат жобалық сараптамалар жүргізу, жобаны іске асыруды кідірту немесе бұғаттау. [9]

Кейбір авторлар мемлекеттердің 1997 жылғы Конвенцияға қатысуға құлықсыздығын, ең алдымен, бұл шарттық келісім болып табылатындығымен және онда бекітілген ережелер «жалпы, жариялы сипатта» болатындығымен түсіндіреді.

Э.Я. Эюбовтың көзқарасы бойынша, су ресурстарының тапшылығының өсуі жағдайында, оны тұтынудың өсуі және тұщы су ресурстарының сапасының нашарлауы жағдайында құқықтық режим бойынша қандай да бір келісімге келу үшін мемлекеттер ымыраға келуі керек. Сондықтан, ол Конвенцияда құқықтық принциптердің нақты тұжырымдамалары жоқ деп санайды. Оның пікірінше, толық қолдану үшін қажетті көптеген маңызды терминдердің дәл түсіндірілмеуі Конвенцияның тағы бір кемшілігі деп санайды. [10]

1997 жылғы Конвенцияны ұзақ уақытқа созылған ратификациялау аясында нақты аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып, трансшекаралық су ағындарын пайдалану және қорғау саласында бірқатар аймақтық және екіжақты халықаралық шарттар әзірленді. Мұндай халықаралық келісімдер, жоғарыда айтылғандай, трансшекаралық су ресурстарын жете толық реттеудің қайнар көзі болып табылады.

Аймақтық бассейндік типтегі келісімге Оңтүстік-Шығыс Азияда 1995 жылы Меконгтың орта және төменгі ағысындағы төрт мемлекет (Камбоджа, Лаос, Тайланд және Вьетнам) арасындағы Меконг өзені бойынша келісім

жатады. Меконг бассейніндегі ынтымақтастық тәжірибесі көрсеткендей, аймақ елдерінің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайындағы айтарлықтай айырмашылықтарға қарамастан және бұл процесс ұзақ және ауыр болуына қарамастан халықаралық өзен бассейні шеңберінде тиімді және салыстырмалы түрде жақсы қамтамасыз етілген институционалдық механизмді немесе ынтымақтастық үшін тұрақты құрылымды құруға мүмкіндік бар екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, бассейнің барлық елдері ынтымақтастыққа ресми түрде қатыспаса да, бірақ барлық елдермен қатынастар сақталуы керек, әсіресе алғашқы кезеңде, халықаралық қоғамдастық тарапынан ынтымақтастықты қолдау да маңызды. Жетістікке жету негізінде елдердің ынтымақтастыққа, ынтымақтастықтың жаңа тәсілдері мен формаларын іздеуге, мәселелерді біртіндеп шешуге, ымыраға келуге, шешімін табуға болатын мәселелерге ерекше көңіл аударуға, қиын мәселелерді шешуді кейінге шегеруге, қоғамдық полемикадан аулақ болуға және жауласпау, халықаралық қауымдастықпен оның қолдауын іздеу үшін «бірауыздан» қатынасуға ынталануы жатыр. [11]

Су ресурстарын басқарудың бассейндік тәсілі кең таралғанын және оның тиімділігін көрсететінін атап өткен жөн. Мысалы, АҚШ-тың сегіз штатының губернаторлары мен Канаданың Онтарио және Квебек провинцияларының премьер-министрлері қол қойған Ұлы көлдер бассейні – Әулие Лаврентий өзенінің су ресурстарын тұрақты басқару бойынша Келісім шегінде 2005 жылы аймақтық су ресурстарын басқару органы құрылып, Ұлы көлдер бассейні мен Әулие Лаврентий өзенінің су ресурстары туралы келісім қабылданған.

Шартта бассейнді басқару және қорғау тәртібі, сондай-ақ екі елдің әр штаты мен провинциясы қандай негізде Ұлы көлдер бассейні мен Әулие Лаврентий өзенін қорғау бойынша заңдар қабылдайтындығы нақтылап мазмұндалған. [12]

Трансшекаралық суларды пайдалануды басқару мен реттеу саласындағы екіжақты ынтымақтастық, екі түрдегі келісімдер негізінде дамиды: екі мемлекет бөлетін трансшекаралық су ресурстарының барлық санаттары мен түрлеріне қолданылатын жалпы сипаттағы келісімдер және нақты трансшекаралық су ағындарына қатысты келісімдер. Бірінші типтегі сәтті келісімдердің бірі – 1998 ж. Испания мен Португалия арасындағы ортақ трансшекаралық өзендерді пайдалану бойынша Альбуфейра келісімі саналады. [13] Оның елдер арасындағы суды бөлудегі ұлттық тәсілдерді реттеудегі рөлі тек Испанияның өзінде (жоғары ағыстағы ел) 1200-ге жуық ірі бөгеттер болған жағдайында маңызды рөл атқарады. Келісімнің негізгі мақсаттары: су ресурстарын пайдалану бойынша кеңейтілген ақпарат алмасу, трансшекаралық әсерді бағалау, экожүйелерді қорғаудың ұлттық тәсілдерін үйлестіру, ластануды (су тасқыны мен құрғақшылықты) бақылау, су ресурстарын тұрақты пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады. Келісім шегінде тұрақты жұмыс жасайтын техникалық хатшылығымен екі жақты комиссия құрылған.

Жалпы, испан-португал су өзара әрекеттесуінің жетістігі ЕО органдары болып табылатын ұлтүсті органдардың болуында жатыр. Бірақ негізгі алғышарты, талдау көрсеткендей, өзара сипаттағы келісімге келуге дайын болуда деп қорытуға болады.

Бірінші типтегі келісімдерге Қазақстан мен Ресей арасында жасалған 2010 жылғы Жайық, Ертіс, Тобыл, Есіл трансшекаралық өзендерін бірлесіп пайдалану мен қорғауды реттейтін Келісім жатады. [14] Келісім шегінде үкіметаралық Қазақстан-Ресей комиссиясы құрылды және жұмыс жасауда. Негізгі Келісімге қоса екі ел трансшекаралық суларды бірлесіп пайдалану және қорғау және Орал, Тобыл және Есіл өзендерінің бассейндерінде су шаруашылығы қызметін үйлестіру туралы үш арнайы хаттама қабылдады. Бұл тәсілдің артықшылығы – қол жеткізілген келісімдерді үкіметаралық деңгейде бекітуді қажет етпейтін екіжақты Комиссия деңгейінде хаттамаларды қабылдаудың оңайлатылған процедурасы болып табылады.

Нақты трансшекаралық өзендерге қатысты екі жақты келісімдерге Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтері арасындағы 2013 жылдың 7 қыркүйегіндегі Қорғас өзеніндегі бірлескен «Достық» біріккен су торабын басқару және пайдалану туралы Келісімді [15] жатқызуға болады.

Халықаралық сот мекемелері өз тәжірибелерінде әдет-ғұрыптардың бар екендігін көрсетумен шектелмейді, трансшекаралық су ресурстары институтын кодификациялауға ықпал ете отырып, біршама нақты тұжырымдар береді.

Мысал ретінде арбитраждық соттың Лану көлінен суды бұру мәселесі бойынша Францияның пайдасына шығарылған шешімі келтірілген. Франция судың бір бөлігін осы көлден бұрды, бірақ ол көлдің деңгейін төмендетпеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдады. Төрелік комиссия Францияның көл деңгейін қалпына келтіру бойынша жүргізілген жұмыстарының арқасында оның суларын пайдаланатын бірде-бір мемлекет зардап шекпегенін баса айтты. Францияның пайдасына шешілген төрелік шешім негізіне мемлекеттерді өз аумағында шектес мемлекеттің заңды құқықтарына едәуір зиян келтіретін немесе келтіруі мүмкін жұмыстарды жүргізуден бас тартуға міндеттейтін және егер бұл басқа жағадағы мемлекеттерге елеулі зиян келтірмесе оның аумағы арқылы ағып өтетін суларды пайдалану құқығын бекітетін принципі болды.

БҰҰ Халықаралық сотында қаралған белгілі іс – Венгрия мен Словакия арасындағы Габчиково-Надьмарош жобасына қатысты дау, ол Дунайдағы су электр станциясының бөгет жүйесін салуға қатысты болды.

Халықаралық сот 1977 жылғы екіжақты келісімшарт бойынша халықаралық міндеттемелерді бұзғаны үшін екі тарапты да жауапты деп таниды және тараптарға «жобаға сәйкес салынған нысандарды бірлесіп басқаруды қалпына келтіруді» бұйырады.

Екі мемлекет те кінәлі деп танылып, өтемақы төлеуге мәжбүр болды, ал сот оның мөлшерін анықтамады, мұны тараптардың қалауына қалдырды. Осы іс бойынша сот шешімінде: «... зардап шеккен мемлекет келтірілген зиян үшін

халықаралық құқыққа қарсы әрекет жасаған мемлекеттен өтемақы алуға құқылы» деп атап көрсетті. [16]

### **Нәтижелер мен қорытынды**

Габчиково-Надьмарош ісі ортақ табиғи ресурстарды бірлесе қолдану тұжырымдамасына маңызды үлес қосты. Сот атап көрсеткендей, Чехословакия бірлескен ресурсты біржақты бақылауға алу арқылы халықаралық құқықты бұзды және сол арқылы Венгрияны Дунай өзенінің табиғи ресурстарын пайдаланудағы әділ және ақылға қонымды үлеске құқығынан айырды. [17]

Халықаралық сот Габчиковода салынған электр станциясының қоршаған ортаға әсерін бағалауды және Дунай өзенінің арнасы мен оның екі жағы бойынша тармақтарындағы су деңгейіне қатысты оңтайлы шешімді, экологиялық мәселелерді шешуді ескере отырып, тараптарды шарт мақсаттарына жетуге кепілдік беретін жаңа келісімге келуге шақыратын шешім шығарды. Бұл істе Сот алғаш рет экономикалық дамуды қоршаған ортаны қорғау талаптарымен үйлестіру қажеттілігі айқындалған тұрақты даму тұжырымдамасына сілтеме жасайды. Соттың вице-төрағасы К.Верамантри да өзінің ерекше пікірінде тұрақты даму тұжырымдамасы туралы айтты. Оның пікірінше, даму құқығы және қоршаған ортаны қорғауға құқық халықаралық құқықтың принциптері болып табылады. Олар бір-біріне жиі қайшы келеді, бірақ қазір оларды үйлестіруге бағытталған тұрақты даму қағидасы бар. Сонымен бірге, ол тұрақты даму тек тұжырымдама емес, нақты нормативтік мазмұнға ие принцип екенін баса айтқан.

Халықаралық экологиялық құқықтың дамуына үлесті Халықаралық Соттың «экологиялық қажеттілік» тұжырымдамасын мойындауы, сондай-ақ өнеркәсіптік жобаларды іске асыруда экологиялық стандарттар тұрғысынан экологиялық тәуекелдерді үнемі есепке алу қажеттілігі қосады. Сонымен бірге жобаны жүзеге асырудың бүкіл кезеңінде қоршаған ортаға әсер етуді бағалау өте маңызды мәнге ие. Үнемі бақылау барысында жобаны жүзеге асырудың бастапқы кезіндегі емес, бағалау кезінде әрекет ететін нормалар қолданылуы керек.

Сонымен қатар, Халықаралық Сот шешімінде бірінші рет тек экологиялық зиян үшін ақшалай өтемақы төлеу қағидасы айтылды. Сонымен бірге, Сот экологиялық зиянды есептеуден бас тартты, бұл мәселені тараптардың қарауына қалдырды.

Бұл істі қарау нәтижелері халықаралық экологиялық құқық үшін өте маңызды, оның ішінде ол 1997 жылы БҰҰ-ның Халықаралық су ағындарын кеме қатынасына емес пайдалану мәселелері бойынша Конвенциясын құруға әсер етті.

Сот шешімдері халықаралық су ағындарын пайдалану принциптерін қалыптастыру мен белгілеуде үлкен маңызға ие. Мысалы, 1929 жылы Халықаралық әділ соттың тұрақты палатасы Одер бойынша өзен комиссиясының аумақтық құзыреті туралы істі қарады. [18] Даудың негізінде Польша мен Германия территориясынан өтетін, бірақ тек Польшаға теңізге

шығуды қамтамасыз ететін Одердің салалары Варта мен Нотець халықаралық өзендер болып табылады ма деген сұрақ болды. Польша өз кемелерінің ашық теңізге шығуын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты өзеннің жоғарғы ағысында орналасқан жағалаудағы мемлекеттер үшін кеме қатынасының еркіндігі принципіне жүгінді.

Шешім шығару нәтижесінде жағадағы мемлекеттердің құқықтарының теңдігі қағидасы және кеме қатынасы еркіндігі қағидасы тұжырымдалды.

Тұрақты палатаның шешімімен өзеннің екі саласы да халықаралық деп танылды, осыған орай Одер бойынша халықаралық комиссияның құзыретіне кірді. Осылайша, жағадағы елдер үшін халықаралық өзендерде (трансшекаралық су ағындарында) кеме қатынасы еркіндігінің әдеттегі құқықтық қағидасының бар болуы расталды және мазмұны бекітілді және сонымен бірге кейінірек кеңінен танылған осы елдердің ортақ мүдделері тұжырымдамасы алға ұсынылды, бұл трансшекаралық су ағындарының халықаралық құқығының көптеген қағидаларының негізіне енді.

1992 жылғы Конвенцияның сөзсіз артықшылығы – Тараптарға Конвенцияның ережелерін сақтау және оларды әрі қарай дамытуға қолдау көрсететін Тараптар Кеңесінен, Президиумнан, көмекші органдар мен Хатшылықтан тұратын қуатты институционалды құрылымның болуы саналады. Ал 2012 жылы құрылған консультациялық көмек беретін Іске асыру комитеті [19] мәселелерді шешудің бірлескен жолдарын іздеудің, даулардың туындауына жол бермеудің және Тараптарға Конвенцияны имплементациялауға көмек көрсету үшін тұғырнамамен қамтамасыз етеді.

Рамолық түрдегі басқа келісімдер сияқты, 1992 жылғы Конвенциямен белгіленген құқықтық режим де үнемі даму үстінде, атап айтқанда, Конвенцияны толықтыратын заңды міндетті халықаралық-құқықтық актілерді – хаттамаларды, сондай-ақ ұсыныстық сипаттағы басқа да нормативтік актілерді қабылдау арқылы жетілдіріліп отырады.

Конвенция 1999 жылы Лондонда жасалып, бекітілген Су және денсаулық мәселелері бойынша хаттамамен толықтырылды. Ол 2005 жылы 4 тамызда күшіне енді. [20] Хаттама судың ерекше құндылығына баса назар аударады және су ресурстары мен су ресурстарын басқару қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін ескере отырып, болашақ ұрпақтың мүдделері ескерілетіндей басқарылуы керек деген талапты белгілейді. Хаттаманың басты мақсаты – барлық деңгейлерде адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатын қорғауға ықпал ету, су жинау аймақтарына негізделген кешенді түрде су ресурстарын басқаруды жақсарту арқылы суға және санитарияға тең қол жетімділікті қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық даму мен су жүйесін қорғау арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз ету.

2003 жылы 21 мамырда Киевте Өндірістік апаттардың трансшекаралық суларға трансшекаралық әсерінен келтірілген залалға азаматтық жауапкершілік және зиянды өтеу туралы хаттама жасалды және қабылданды. [21] Бұл Хаттама Өндірістік апаттардың трансшекаралық әсері туралы Конвенция мен

Траншекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану бойынша Конвенцияның бірлескен құралы болып табылады. Әлемдік тәжірибеде бірінші рет Хаттамада тұщы трансшекаралық сулардың апатты ластануы нәтижесіндегі экологиялық зиянды өтеу режимі белгіленді және ескіру мерзімін, сот және арбитражды шешімдерді өзара тануды, дауларды реттеуді және т.б. анықтайтын процессуалдық нормалар қамтылды.

БҰҰ ЕЭК барлық табиғатты қорғау конвенциялары трансшекаралық су ресурстарын халықаралық-құқықтық реттеудің қайнар көздері ретінде су ресурстарын пайдалану мен басқару саласындағы табысты ынтымақтастықтың рамолық халықаралық-құқықтық негізін құрайды.

Осы конвенциялардың тиімді қызмет жасайтын институционалдық тетіктері ұлттық та, сондай-ақ трансшекаралық деңгейде де су ағындарын қорғауды күшейтуде маңызды рөл атқарады. Олар аймақтық және субаймақтық ынтымақтастықты қолдайды, оның ішінде конвенцияның ережелерінің жүзеге асырылуына, техникалық көмек берумен, тәжірибе мен ақпаратпен алмасуға қолдау көрсетеді. Осыған байланысты трансшекаралық су ағынының тұрақты пайдаланылуының алғышарты ынтымақтастық болып табылады. Мысалы, трансшекаралық су ынтымақтастығының орталық құралы болып табылатын Хельсинки конвенциясының ережелері негізінде осы салада Дунай өзені бойынша конвенция және Рейнді қорғау бойынша конвенция сияқты көптеген екіжақты және көпжақты халықаралық шарттар жасалды.

1997 жылғы Конвенцияның ерекшелігі – оған қатысу нақты су ағыны бойынша бұрын жасалған және әрекет ететін келісімдердің заңды күшіне әсер етпеуінде. Су ағынын бөлісетін мемлекеттер Конвенция ережелерін нақты су ағынының немесе оның бөлігінің сипаттамалары мен пайдалану түрлеріне қолдана және сәйкестендіре отырып келісім жасай алады. Бұл қолданыстағы және болашақтағы екіжақты және көпжақты бассейндік келісімдерге де қатысты. Конвенцияда әрекет ететін бассейндік келісімдер Конвенцияға қайшы келмейтін бөлігінде өзгеріссіз қалатындығы, бірақ сәйкес келісімдерге қатысушы елдермен өзгертілуі немесе жойылуы мүмкіндігі қарастырылады. Сондай-ақ, болашақта мұндай бассейндік келісімдер жеке су ағынының ерекшелігіне бейімделген Конвенция нормалары негізінде еркін жасалуы мүмкін.

Жалпы, 1997 жылғы Конвенцияның маңызы, оның халықаралық құқықтың кодификациясы және үдемелі дамыту құралы ретінде қарастырылып отырған салада бірқатар негізгі ережелерді белгілейтіндігінде, оларды басқарудың жаңа кешенді әдісін енгізу арқылы су ресурстарын басқарудағы кемшіліктерді жояды. Профессор А.Х. Абашидзе атап өткендей, осы Конвенция трансшекаралық жер асты сулары құқығын кодификациялау үшін пайдалы негіз болып табылады, ал оның нормалары ортақ табиғи ресурстарға қолданылуға жатады. [22]

Оның негізгі ережелері, ең алдымен, жоғарыда аталған қағидалар, оған қатыспайтын мемлекеттер үшін де заңды міндетті болып саналады, өйткені

олар әдеттегі құқықтың жалпы танылған нормаларын көрсетеді, бұл, атап айтқанда, БҰҰ Халықаралық соттың Дунай өзеніндегі жоба туралы Венгрия мен Словакия арасындағы дау бойынша шешімде растау тапты.

Осылайша, халықаралық тәжірибе трансшекаралық суларды басқару және қорғау саласындағы ынтымақтастықты көпжақты және екіжақты келісімдер, хаттамалар және басқа да құқықтық нысандар негізінде әртүрлі институционалдық механизмдерді қолдана отырып реттеу бойынша мол тәжірибе жинақтады.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Резолюция Ассоциации международного права. Хельсинские правила использования вод международных рек // [https://www.un.org/ga/search/view\\_doc.asp?i=11.04.2019](https://www.un.org/ga/search/view_doc.asp?i=11.04.2019).
2. Конвенция ЕЭК ООН по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер (Хельсинки, 17 марта 1992 г.) // [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/watercourses](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/watercourses). 25.10.2018.
3. Протокол по проблемам воды и здоровья к Конвенции по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер 1992 г. // [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/pdf/27-5a-ru](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/27-5a-ru). 17.07.2019.
4. Конвенция об оценке воздействия на окружающую среду в трансграничном контексте // <https://www.un.org/ru/documents>. 17.07.2019.
5. Протокол по стратегической экологической оценке (Киев, 2003) // [https://unece.org/DAM/env/green/economy/Lea/EaP/SEA\\_\\_rus\\_.pdf](https://unece.org/DAM/env/green/economy/Lea/EaP/SEA__rus_.pdf). 07.07.2019.
6. Конвенция о доступе к информации, участии общественности в процессе принятия решений и доступе к правосудию по вопросам, касающимся окружающей среды (Орхус, 25 июня 1998 г.) // [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/orhus.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orhus.shtml). 17.07.2019.
7. Конвенция Организации Объединенных Наций о праве несудоходных видов использования международных водотоков: утв. резолюцией Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций 21 мая 1997 года, №51/229 // [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/watercrs.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/watercrs.shtml). 05.01.2022.
8. International law association, Berlin conference on Water resources law (2004) // [www.international-waterlaw.org/documents/intldocs](http://www.international-waterlaw.org/documents/intldocs). 11.04.2019.
9. Рязанова М.А. Вступление в силу Конвенции ООН о праве несудоходных видов использования международных водотоков 1997 г. как новый этап кодификации международного правоводных ресурсов // *Международное публичное и частное право*. – 2015. – №3(84). – С. 17-20.
10. Эюбов Э.Я. От Хельсинкских правил до Конвенции ООН о праве несудоходного использования международных водотоков 1997 г. // *Московский журнал междунар. права*. – 2009. – №2. – С. 186-195.
11. Стеклов Ю.Н. Международное сотрудничество в бассейне реки Меконг // [https://www.riob.org/IMG/pdf/Mekong\\_Transb\\_Coop\\_26\\_05](https://www.riob.org/IMG/pdf/Mekong_Transb_Coop_26_05). 17.07.2019.

12. Гаучер М. Региональный совет по водным ресурсам Великих озер и реки Святого Лаврентия // <https://www.riob.org/sites>. 17.07.2019.
13. Соглашение о сотрудничестве в области охраны и устойчивого использования водных ресурсов испано-португальских гидрографических бассейнов (Албуфейра, 1998) // <http://www.cawater-info.net/bk>. 17.07.2019.
14. Соглашение Республики Казахстан с Российской Федерацией «О совместном использовании и охране трансграничных водных объектов» от 7 сентября 2010 года // [http://www.cawater-info.net/library/int\\_water](http://www.cawater-info.net/library/int_water). 11.04.2019.
15. Соглашение между Правительствами Республики Казахстан и Китайской Народной Республики об управлении и эксплуатации совместного объединенного гидроузла «Достык» на реке Хоргос от 7 сентября 2013 года. Казахстанско-Китайское трансграничное водное сотрудничество // [http://www.cawater-info.net/library/rus/legal\\_36.pdf](http://www.cawater-info.net/library/rus/legal_36.pdf). 17.07.2019.
16. Case Concerning Gabčíkovo-Nagymaros Project (Hungary v. Slovakia) // <https://iilj.org/wp-content/uploads/2016/08/Case-Concerning-the>. 17.07.2019.
17. Международное право: практикум / под ред. А.Б. Вылегжанина, А.Я. Капустина, М.Н. Копылова. – М.: Юрис Пруденс, 2011. – 414 с.
18. Permanent court of international justice. Case relating to the Territorial Jurisdiction of the International Commission of the River Oder. 1929 // [http://www.worldcourts.com/pcij/eng/decisions/1929.09.10\\_river\\_oder](http://www.worldcourts.com/pcij/eng/decisions/1929.09.10_river_oder). 17.07.2019.
19. Совещание Сторон Конвенции по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер // [http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/water/mop\\_6\\_Rome/Official](http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/water/mop_6_Rome/Official). 17.07.2019.
20. Протокол по проблемам воды и здоровья к Конвенции по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер 1992 г. // [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/pdf/27-5a-ru](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/27-5a-ru). 17.07.2019.
21. Протокол о гражданской ответственности и компенсации за ущерб, причиненный трансграничным воздействием промышленных аварий на трансграничные воды (2003) // <http://www.cawater-info.net/bk/water>. 17.07.2019.
22. Абашидзе А.Х., Солнцев А.М. Подземные воды – новый объект международно-правового регулирования // *Международное право – International Law*. – 2009. – №1. – С. 180-201.

### References:

1. Rezolyuciya Asociacii mezhdunarodnogo prava. Hel'sinskie pravila ispol'zovaniya vod mezhdunarodnyh rek // [https://www.un.org/ga/search/view\\_doc.asp](https://www.un.org/ga/search/view_doc.asp). 11.04.2019.
2. Konvenciya EEK OON po ohrane i ispol'zovaniyu transgranichnyh vodotokov i mezhdunarodnyh ozer (Hel'sinki, 17 marta 1992 g.) // [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/watercourses](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/watercourses). 25.10.2018.

3. Протокол по проблемам воды и здоровья к Конвенции по охране и испол'зованию трансграничных водотоков и междunarодных озер 1992 г. // [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/pdf/27-5a-ru](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/27-5a-ru). 17.07.2019.
4. Конвенция об оценке воздействия на окружающую среду в трансграничном контексте // <https://www.un.org/ru/documents>. 17.07.2019.
5. Протокол по стратегической экологической оценке (Kiev, 2003) // [https://unece.org/DAM/env/greeneconomy/Lea/EaP/SEA\\_\\_rus\\_.pdf](https://unece.org/DAM/env/greeneconomy/Lea/EaP/SEA__rus_.pdf). 07.07.2019.
6. Конвенция о доступе к информации, участии общественности в процессе принятия решений и доступе к правосудию по вопросам, касающимся окружающей среды (Орхус, 25 июня 1998 г.) // [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/orhus.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orhus.shtml). 17.07.2019.
7. Конвенция Организации Объединенных Наций о праве несудоходных видов испол'зования междunarодных водотоков: утв. резолюцией Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций 21 мая 1997 года, №51/229 // [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/watercrs.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/watercrs.shtml). 05.01.2022.
8. International law association, Berlin conference on Water resources law (2004) // [www.international-waterlaw.org/documents/intldocs](http://www.international-waterlaw.org/documents/intldocs). 11.04.2019.
9. Рызанова М.А. Вступление в силу Конвенции ООН о праве несудоходных видов испол'зования междunarодных водотоков 1997 г. как новый этап кодификации междunarодного правоводных ресурсов // *Междunarодное публичное и частное право*. – 2015. – №3(84). – С. 17-20.
10. Ейубов Е.Я. От Гельсингских правил до Конвенции ООН о праве несудоходного испол'зования междunarодных водотоков 1997 г. // *Московский журнал междunar. права*. – 2009. – №2. – С. 186-195.
11. Стеклов Ю.Н. Междunarодное сотрудничество в бассейне реки Меконг // [https://www.riob.org/IMG/pdf/Mekong\\_Transb\\_Coop\\_26\\_05](https://www.riob.org/IMG/pdf/Mekong_Transb_Coop_26_05). 17.07.2019.
12. Gaucher M. Regional'nyj совет по водным ресурсам Великих озер и реки Святого Лаврентия // <https://www.riob.org/sites>. 17.07.2019.
13. Соглашение о сотрудничестве в области охраны и устойчивого испол'зования водных ресурсов испано-португальских гидрографических бассейнов (Албуфейра, 1998) // <http://www.cawater-info.net/bk>. 17.07.2019.
14. Соглашение Республики Казахстан с Российской Федерацией «О совместном испол'зовании и охране трансграничных водных объектов» от 7 сентября 2010 года // [http://www.cawater-info.net/library/int\\_water](http://www.cawater-info.net/library/int_water). 11.04.2019.
15. Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Китайской Народной Республики об управлении и эксплуатации совместного общинного гидротехнического «Достык» на реке Хоргос от 7 сентября 2013 года. Казахстанско-Китайское трансграничное водное сотрудничество // [http://www.cawater-info.net/library/rus/legal\\_36.pdf](http://www.cawater-info.net/library/rus/legal_36.pdf). 17.07.2019.
16. Case Concerning Gabčíkovo-Nagymaros Project (Hungary v. Slovakia) // <https://ijl.org/wp-content/uploads/2016/08/Case-Concerning-the>. 17.07.2019.
17. *Междunarодное право: практикум* / под ред. А.Я. Выегжанина, А.Я. Капустина, М.Н. Копылова. – М.: Юрис Пруденс, 2011. – 414 с.

18. Permanent court of international justice. Case relating to the Territorial Jurisdiction of the International Commission of the River Oder. 1929 // [http://www.worldcourts.com/pcij/eng/decisions/1929.09.10\\_river\\_oder](http://www.worldcourts.com/pcij/eng/decisions/1929.09.10_river_oder). 17.07.2019.

19. Soveshchanie Storon Konvencii po ohrane i ispol'zovaniyu transgraniichnyh vodotokov i mezhdunarodnyh ozer // [http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/water/mop\\_6\\_Rome/Official](http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/water/mop_6_Rome/Official). 17.07.2019.

20. Protokol po problemam vody i zdorov'ya k Konvencii po ohrane i ispol'zovaniyu transgranichnyh vodotokov i mezhdunarodnyh ozer 1992 g. // [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/pdf/27-5a-ru](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/27-5a-ru). 17.07.2019.

21. Protokol o grazhdanskoj otvetstvennosti i kompensacii za ushcherb, prichinennyj transgranichnym vozdejstviem promyshlennyh avarij na transgranichnye vody (2003) // <http://www.cawater-info.net/bk/water>. 17.07.2019.

22. Abashidze A.H., Solncev A.M. Podzemnye vody – novyj ob"ekt mezhdunarodno-pravovogo regulirovaniya // *Mezhdunarodnoe pravo – International Law*. – 2009. – №1. – С. 180-201.